

FORTE FOREX НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Науқанды өткізу мақсаты:

- Forte төлем карталары бойынша ритейл операцияларының көлемін ұлғайту;
- ForteForex-те клиенттер санын көбейту;
- Банктің жағымды имиджін нығайту.

Науқанды өткізу механикасы:

Төлем картасы арқылы ForteForex-те валютаны бастапқы сатып алу/сату кезінде «Welcome bonus by Forex» бонустарын алыңыз.

1. Науқанды өткізу кезеңі

1. Науқан осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі. Науқанға Банктің Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін клиенттері қатыса алады.

2. Жүлде қоры

1. 2024 жылғы 29 шілдеден бастап 2024 жылғы 31 желтоқсан бойынша ұтыс ойынының бүкіл кезеңі үшін науқанның барлық қатысушысына арналған жүлде қоры: 2 000 000 (екі миллион) теңгеден аспайды.

2. Жүлде қорының жалпы сомасы салықтар бойынша барлық ілеспе шығысты қоса алғанда, Daily банкингтің бюджет қаражаты есебінен қалыптастырылып, төленеді.

3. Науқанға қатысушылар

1. Науқанға қатысушылар: Науқанды өткізу кезеңінде төлем картасы арқылы ForteForex-те алғаш рет шетел валютасын сәтті сатып алатын/сататын Forte карталарын ұстаушылар.

Науқанды өткізу кезінде:

- 1) ұтыс ойынына қатысушының төлем картасы белсендірілген, белсенді және қолданылу мерзімі өтпеген болуы тиіс;
- 2) науқанға қатысушының төлем картасы бойынша өтелмеген сервистік комиссиялар мен Банк алдындағы басқа берешектері болмауы тиіс;
- 3) егер науқанға қатысушы Банктің қарыз алушысы болса, оның Банктегі барлық қолданыстағы қарыздары бойынша қолданыстағы мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс;
- 4) қатысушы Банктің мобильді интернет-банкінгінде тіркелген болуы тиіс;
- 5) бонустық шоттың болуы.

2. Науқанға қатыспайды:

- 1) Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
- 2) 18 жасқа толмаған тұлғалар;
- 3) ҚР бейрезиденттері;
- 4) Premier банкинг клиенттері және корпоративтік карта ұстаушылары;
- 5) ForteForex бойынша өтінімнің мәртебесі «Бас тартылды»;
- 6) Науқанды өткізу кезеңінде бұрын «Welcome bonus by Forex» алған қатысушылар науқанға қатысушыларды іріктеудің келесі кезеңдерінен шығарылады.

4. Науқанды өткізу әдістемесі

1. Науқанға Банктің осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін клиенттері ғана қатысады.

2. Науқанды өткізу кезеңінде апта сайын Банкте ForteForex өтінімдері бойынша есеп қалыптастырылады, осы Қағидалардың 3-бөліміндегі талаптар негіз ретінде қолданылады.

5. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері

1) Бөлшек сатылымдар басқармалары (бұдан әрі – БөлСБ):

1) Банктің қолданыстағы және жаңадан тартылған клиенттеріне науқанның талаптары туралы хабарлайды.

2) Daily Banking бағыты:

1) Осы Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін науқанға қатысушылардың транзакциялық белсенділігін қамтитын транзакциялық базаны жүктеп алады.

3) Маркетинг бағыты:

1) науқан кезеңінің басына қарай көркем мәтіндер мен жарнамалық өнімдерде ақпаратты баяндау стилистикасын әзірлейді;

2) полиграфиялық өнім өндірілген жағдайда полиграфиялық өнімдердің шығарылуын және Банк филиалдарына уақтылы жіберілуін бақылауды жүзеге асырады;

3) науқан кезеңінің басына қарай банкоматтарға орналастыру үшін науқанның талаптары көрсетілген негізгі бет бейнелерін әзірлеп, Бөлшек сатылымдар және дистрибуция бағытына жібереді.

4) Клиенттермен қарым-қатынасты дамыту бағыты

1) науқан кезеңінде Банктің әлеуетті және қолданыстағы клиенттеріне Банктің мобильді қосымшасында науқан талаптарын қамтитын push-хабарламаларды жіберу жүзеге асырады;

2) ВРМ-дегі қызметтік жазбаға сәйкес Daily Banking бағыты келесі өрістерден тұратын тізімге сәйкес жеңімпаздарға бонустарды есептеуді жүргізеді: науқанға қатысушы - жеңімпаздың ЖСН-і, есептелетін бонус сомасы және МИБ үшін түсініктеме.

5. Бонус алу тәртібі:

Бонустарды есептеу осы Қағидалардың 3-бөліміне сәйкес жеңімпаз сәйкестендірілгеннен кейін жүргізіледі.

6. Жауапкершілік орталықтары

1. Daily банкинг бағытының қызметкерлеріне Қағидалардың талаптарына сәйкес базаны тиісінше қалыптастыру, сондай-ақ оларға Қағидалармен жүктелген өзге міндеттерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

2. Маркетинг бағытының қызметкерлеріне жарнамалық мәтін мен макеттер дизайнінің стилистика брендбугына сәйкес келмеуі үшін, сондай-ақ оларға Қағидалармен жүктелген өзге міндеттерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

3. Бөлшек сатылымдар басқармасының қызметкерлеріне Банктің қолданыстағы және жаңадан тартылатын клиенттерін науқанның талаптары туралы хабардар ету үшін жауапкершілік жүктеледі;

4. Клиенттермен қарым-қатынасты дамыту бағытының қызметкерлеріне Банктің Мобильді қосымшасында push-хабарламаны жіберуді жүзеге асыру, бонустарды уақтылы және дұрыс есептеу, сондай-ақ оларға Қағидалармен жүктелген өзге міндеттерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

5. Банктің науқанды өткізу процесіне тартылған және Қағидаларда көрсетілген өзге бөлімшелері мен қызметкерлеріне оларға Қағидалармен жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

6. Банк мақсаты Жүлдені негізсіз алу болып табылатын алаяқтық әрекеттер жасағаны туралы күдік бар тұлғаларды біржақты тәртіпте және себебін түсіндірместен, кез келген сәтте жеңімпаздардың қатарынан шығаруға құқылы.

7. Банк кез-келген уақытта науқанды тоқтату немесе ұзарту, сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарын өзі қалағандай өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк науқан талаптарының өзгеруі туралы ақпаратты қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.

8. Осы Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағы 1-тармақшасының негізінде егер дебеттік карта бонустарды төлеу сәтінде жабылатын болса, бонустар төлемінің күші жойылады.

9. Бонустарды төлеу Daily Banking бағытының жауапты қызметкерінің тізімі негізінде төлеуге арналған тізім қалыптастырылған күннен бастап келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

**«Welcome bonus by Forex» науқанын өткізу туралы»
қағидалардың 1-қосымшасы**

| Кезеңдер | Науқанды өткізу мерзімдері | Тізім қалыптастырылатын күн | Саны, дана | Жұлделер |
|----------|----------------------------|--|--------------------|-------------------------|
| 1 | 29.07.2024 – 31.08.2024 | 1-ші апта: 05.08.2024 кешіктірмей 2-ші апта : 12.08.2024 кешіктірмей 3-ші апта : 19.08.2024 кешіктірмей 4-ші апта : 26.08.2024 кешіктірмей 5-ші апта: 02.09.2024 кешіктірмей 6-ші апта: 09.09.2024 кешіктірмей 7-ші апта : 16.09.2024 кешіктірмей 8-ші апта : 23.09.2024 кешіктірмей 9-ші апта : 30.09.2024 кешіктірмей 10-ші апта: 07.10.2024 кешіктірмей 11-ші апта: 14.10.2024 кешіктірмей 12-ші апта : 21.10.2024 кешіктірмей 13-ші апта : 28.10.2024 кешіктірмей 14-ші апта : 04.11.2024 кешіктірмей 15-ші апта: 11.11.2024 кешіктірмей 16-ші апта: 18.11.2024 кешіктірмей 17-ші апта : 25.11.2024 кешіктірмей 18-ші апта : 02.12.2024 кешіктірмей 19-ші апта : 09.12.2024 кешіктірмей 20-ші апта: 17.12.2024 кешіктірмей 21-ші апта: 24.12.2024 кешіктірмей | Барлық жаңа клиент | Бонустармен 1 000 теңге |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | 22-ші апта : 31.12.2024 кешіктірмей | | |
|--|--|--|--|--|